



## «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІ ҮШІН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында акционерлердің жалпы отырысын өткізбестен, сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімге сәйкес (2020 жылғы 23 шілдедегі № 44 хаттама) Банктің жай акциялары (ISIN KZ000A0LE0S4) бойынша бұрынғы жылдардың бөлінбеген таза табысынан бір жай акция үшін 17,08 теңге мөлшерінде 2019 жыл үшін дивидендтер төлегені туралы хабарлайды.

2020 жылғы 23 шілде сағат 00:00-дегі жағдай бойынша дивидендтер алуға құқылы акционерлер тізіміне сәйкес Банктің жай акциялары бойынша төленуі тиіс дивидендтер сомасы 200 759 163 700,76 теңгені құрады, оның ішінде базалық активі Банктің шығарылған жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар бойынша – 51 747 424 254,40 теңге.

Банкте немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде дивидендтер төлеу үшін өзекті деректемелері бар Банк акционерлеріне 2020 жылғы 24 шілдеден бастап (дивидендтер төлеу күні) осы ақпараттық хабарламаны жариялау күні бойынша іс жүзінде төленген дивидендтер сомасы 200 228 443 368,24 теңгені құрады, оның ішінде базалық активі Банктің шығарылған жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар бойынша – 51 747 424 254,40 теңге.

Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау күнінен кейінгі келесі күннен бастап (2020 жылғы 24 шілдеден) **күнтізбелік тоқсан күн өткенге дейін** акционерлер дивидендтер төлеуді жүргізу үшін қажетті деректемелерді:

1) «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-қа (бұдан әрі – Орталық депозитарий) Банк акцияларын ұстаушылары тізілімі жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің (оның ішінде банктік шот деректемелері) өзгергені туралы тиісті құжаттарды мына мекенжайларға:

Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8-үй, «Тенгиз тауэрс» ТК аумағында (байланыс телефоны: 8 (727) 355-47-60);

немесе «Қазпошта» АҚ офистерінде орналасқан трансфер-агенттің офистеріне ұсына отырып, хабарлау; және

2) тізбесі мен мекенжайлары <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде) және <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде) сілтемелер бойынша Банктің корпоративтік сайтында орналастырылған Банктің Дербес сервис орталықтарына Орталық депозитарий берген және Банк акцияларын ұстаушылары тізілімдері жүйесіне қажетті мәліметтердің енгізілуін растайтын құжатпен өтініш жасау арқылы өзектендіруіне қарай Банк дивидендтер төлеуді жалғастырады.

Есептелген, алайда акционерлердің өзекті деректемелері болмағандықтан төленбеген дивидендтерді Банк Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының талаптарына сәйкес Орталық депозитарийде талап етілмеген ақшалары есепке алу үшін ашылған шотқа есепке жатқызады. Осылайша, акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау күнінен кейінгі келесі күннен бастап **күнтізбелік тоқсан күн өткеннен кейін** төленуі тиіс дивидендтерді алмаған жағдайда, Банк акционерлері Банк есептеген дивидендтерді алу үшін Орталық депозитарийге өтініш жасауы тиіс.

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу мәселелері бойынша қосымша ақпарат алу үшін акционерлер Топ капиталын басқару департаменті қызметкерлерінің байланыс телефондарына хабарласуы қажет: +7 776 099 97 77; +7 701 764 75 05.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ